

## Қажылық сапар


(Соңы. Басы өткен санда.)

Имандылықты ту етіп ұстаған белгілі қаламгер Кәмел Жүністігінің қажылық сапардан жазған жолжазбасының басы газетіміздің өткен санында жарияланған болатын. Оқырмандар жылы қабылдаған жолжазбаның жалғасын назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Мәқсәтымыз қасиетті қара тасқа қол тигісек деген тілек. Бір толқын бізді қайтадан орта тұсқа алып келген. Алтыншы айналымда көрейік деймін серіктестеріме. Төртінші, бесінші айналымда қара тасқа бір қадам болса да жақынырақ жүрген сайын қысым күшейе түскен. Алтыншы айналым. Үстіміздегі ихрам төгілген терге малшынып, денемізге жабысып қапқан. Бір жерге табандап қалғандайсың. Жарым қадам ілгерілесей, әлде бір толқын кейін ысырады. Жүру емес сантиметрлеп жылжу. Жан-жақтан қысқан сығымнан тынысың бітіп, қаның басыңа шапқан. Әлдебір жігіт ыңырсиды. Көзі

Тастың үстінде отырып таң атырып, ертемен Минаға жеттік. Минада қажыларға арналған шатырлардың өзі бір қала. Осы Минада үш күн түнеп, үш рет шайтанға тас атуға міндеттіміз. Уақытты пайдаланып, Мина тауының басына шығып, айналаға көз тіккем. Мекка қаласы биіктігі әр түрлі шоқылардың арасында. Соның бір жағында жүз мыңдаған палатка тігіп тастаған. Қөз тұнады.

Таудан түсіп келе жатып, су ішіп тұрған итті көрдім. Кәдімгі қазақтың тазысы. Аса ірі екен. Ақсирақ қара тазы. Мәдинадан Меккаға келе жатқан жолда да бір тоқтаған жерде қаншық итті көріп, соңынан барғаным бар еді. Оның бар мүшесі тазыға келсе де, жарғақ құлақтау еді. Мынау таза тазы. Сонда бұл ұқсастықтың тегін болмағаны гой.



Малазиялық пен Индонезиялықтарды әбден танып алдым. Курдпын деді түрікше бір азамат. Жа-

көктен өзіне қарай келе жатқан кісіні көріп қатты қорыққан да екен. Жәбрейл періште сөйтіп Мұхаммед

# ӘЛЕМАСТАНАСЫНДА

Кәмел ЖҮНИСТЕГІ.

жапақтап, не істерін білмей қысылған біреуді оң иығыммен итеріп әрірек шығып кетуіне мүмкіндік туғыздым. Соңымда келе жатқан Жолжақсы ақсақал сол иығма шығып қабырға жағалауға Ілікті. Соңымда маған жармасқан Ораз.

Жылжи-жылжи қаратасқа да жетіп қалдық. Қасиетті қаратасты күміспен қаптап Қағбаның бұрышына біржолата орнатып тастаған. Қол созым жерге келген алпауыттай негр жігітін толқын әрмен қарай алып кетті. Сол жақ қолым қара тасқа жетер-жетпес. Тағыда бір күш алып көрген едім, қолымның ұшы ғана тиді. Жөкең ақсақалға жол ашу үшін алдымда тұрғанды ысырғанмын, толқын өзімді де әлдеқайда бірақ апарып тастады. Әйтеуір Ораз жанымда екен. Сол адасқаннан Жолжақсы ақсақалдан айырылдық та қалдық. Жүз мыңдап кіріп, мыңдап шығып жатқан адам ағынының арасынан табу мүмкін емес. Ойға қауіп те кірді. Адасып кеттіме, әлде аяқасты болып... деген ой ма-

Минадан шайтанға тас атуға бар қазақстандық болып шықтық десе болады. Сап түзеп, тәлбие айтып, дұға оқып келеміз. Тас ататын жерде бұрын кісі шығыны болғанын да естігенбіз. Оң қапталымыз биік шыңдар. Көзім түсе береді. Мына біреуісі Апаттаудың бергі шыңдарына ұқсас екен десем, сіз елді сағынып қалғансыз ба деп күледі.

Бұрынғыдай емес, тас ататын жерді аса кеңітіп, екі қабат өткен екен. Нөпір жұрттың аяқ асты болуы біржолта жойылған сияқты. Әнеубір тас қабырғаға жақындай бере «Аллаһу әкбар»-лаған жұртқа Ілесіп, тас атып жатырмыз. Сатырлаған үн пулеметтің оғынан жиі. Әркімнің Ішінде азғандыққа қарсы бір кегі бар да. Соның қарасын өшіргісі келгендей бірі көзіне жас алып, бірі ызаға булығып, белгісіз күйге түскен қалыпта бері шығып жатыр. Міне, осылай үш күн тас атылды. Үш күн әр пенде шайтанға, азғындыққа кеткен кегін қайтарған-

нында отырған түрік екен. Курд, - деп сәл тоқтап қалып едім, ойымды танығандай курд жігіті «түрік пен курд арасында араздық жоқ, оны ана Америка, Израиль тұтатқысы келеді» деп саясатты да айтып жіберді. Мен қолын қысып, разылық еттім. Намаздан соң арабша болса да суреті бар балаларға арналған кітап Іздеп жатқан жердегі дүкендерге бас сұққанмын. Күн қысқа. Екінті намазыда жақын. Сәл аялдап қалсам керек, мешіттің Іші түгілі сырты толуга айналыпты. Ағылған жұртта толас жоқ. Таудан аққан бұлақ сияқты адам селі ағылып келіп жатыр. Әдейі осыны бақылау үшін жарым сағат қарап тұрдым. Ағын тоқтар емес. Бұл біз тұрған бір-ақ қақпаның тұсы. Хәрәм мешітінде 44 қақпа бар. Соның бәрінде осы жағдай гой. «Мынау не ғажайып, бұл адамдар қайдан келіп жатыр» дедім жанымдағы Аманкелдіге. Иә, бұл адамзат ұрпағының Исламға ағылуы еді.

с.ғ. -ға адам бейнесінде келген. Алағашқы аянда осы күні берілген.

Ертеңгі сағат сегізде маған Аманкелді, Қайдар, Ыбырай Ілескен. Такси жалдап Хира тауының етегіне жеттік. Биік те, тік те таудың басында ені жүз елу метрдей, биіктігі жиырма бес, отыз қабат үйдей алып күз жартас тұр. Алып жартас айналасын пышақпен кескендей тіп-тік. Біз ерте келдік қой десек бізден бұрын жеткендер тауға өрмелеп барады, жартастың басына шыққандар да көзге шалынған. Тауға өрмелеу қиынға түсіп серіктерімді екі-үш рет күтіп алдым. Бүгінде жартасқа арабтар қашап баспалдақ салған екен, оны сауап үшін әркімнің өзі Істеп жатқанын да көріп келеміз. Сол баспалдақтарға Іліге тауға жүгіріп шықтым десем болады. Шыңның үстінде тұрып, ауылға, балам Шоқанға телефон соқтым. Пайғамбар үңгіріне жету үшін шыңның басынан 15-20 метр тағы төмен түсу керек. Оны да бүгінгі

залаған. Біраз жұртқа хабарлап та үлгердік. Таңға жақын мейманханаға өзі келгендегі қуанышта шек жоқ.

Арафатқа да жеттік. Мұнда түнеуге міндеттіміз. Арафатта қажылар үшін тігілген шатырлар бір қаланың орнын алып жатыр. Біз жатқан маңға 34 нөмір берілген. Екі-үш көше жүрсең айналып таба алмай қалатынымызды қатты ескертіп жатыр. Арафатта жаннаттан жер бетіне түсірілгеннен кейін бірін-бірі жүз жылдан аса көрмеген Адам Ата мен Хауа ана алғаш рет кездескен Рахман тауы бар. Жаныма Бәһәрдің Аманкелдісін ертіп Рахман тауын іздеуге беталдық. "Адамың кетпейміз бе?" - дейді Аманкелді. Кездескен полицейден «Рахман» деп ишаралап сұрай жүріп, бізден талай жерде жатқан Рахман тауына да жеттік. Таудың үсті жыпырлаған адамнан көрінбейді. Ағы да, қарасы да, сарысы да қолы жеткені тауға ағылып келіп, кетіп жатыр. Жер бетінің бар адамзатының түпкі ата-анасы Адам мен Хауаға бас иіп, осы таудан өздерін көргендей болып жатқанына күмән жоқ. Тәуел еттік, бармақтай тасын ел көрсін деп қалтама салдым.

Арафатта елден алып шыққан сур қазыны ортаға салдық. Серіктің де осы күнге сақтаған қазысы бар еді. Қарағандының бас имамы Наурызбай қажы, Амантай, Марат, ту Атыраудың, Шымкент, Алтайдың осы жолға келген сан азаматы ауыз тиіп, Алла берекесін беріп, сан жұртқа жеткеніне баршамыз риза болдық.

Ертеңіне Мұздалифа. Бұл жерде палатка деген жоқ. Жалтыр тастың үстіне түнеп, шайтанға атар жетпіс тасты жинап алуға тиіспіз. Біршама жұрт осы алаңның өзінен тас теріп жатса, біразы тау етегіндегі тасты тасқа ұрып та ұсатып алып жатыр. «Елден алып шыққан жетпіс тасым бар еді, шайтанға сол жарамас па екен» деп біреу біраз жұртты күлдірді. Жарайды, жарамас деп ешкім тағы айта алмады.

дай, тазарғандай болып, құрбандық шалып, ихрамнан біржолата шықтық.

Осы күндерде Сауд Араб мемлекетіндегі Қазақстан елшілігі кездесуге шақырған. Жаппай болмаса да, біраз жұрт жиналған екен. Біз көше толы машиналар тығынына кезігіп, сәл кешігіп бардық. Елші Қайрат деген азамат осы ел, өз отанымыздың болашағы туралы тәп-тәуір әңгімелеп берді. Реті келгенде мен де «Ұлы Пайғамбар және ұрпақтары» атты кітабымды тапсырдым. Сөз арасында Қазақстан сияқты бай мемлекеттің осындай жерде бір айдынды мейманханасы болса, біз шашырап әр жерде түнеп жүрмес едік дегенде айтылды.

Епшіліктің кең ауласынан аспан әлеміне қараймын. Жұлдыздарды көре алмай қойдым-ау дедім. «Сіз жұлдызшысыз ба?» - деп сұрады жетекшілердің бірі Али ұстаз. Қазақ аспанындағы жұлдыздардың атауын білетінімді айтып едім, «ең болмаса бір шоғыры туралы естілгеніңізді» деп қиялды Али. Үркер туралы біраз толғадым да, мұның бәрі Алматыдан кітап болып шығып жатқанын ескерттім. Сонан соң аспандағы айға жүзін бұрдым. Біздің елде ай бір қырынан туып, қырынан біртіндеп толып, қырынан кемуші еді. Мұнда ай шалқасынан жатып толып, астыңғы жағынан біртіндеп азаяды екен. Мұнан кейін де қанша үңілсемде Араб аспанының жұлдыздары көре алмадым. Қаланың сансыз жарығы аспанды ақшаңқан етіп, жұлдыз жарығын көмескі етіп, көзден тасалады.

Жұма намазын қасиетті Қағба тұрған Хәрәм мешітінде өткізуге тырысамыз. Кемі екі-үш сағат бұрын бармасаң мешіттің іші түгілі ат шаптырым айналадағы кең апаң - нан тізе бүгер орын таппайсың. Алғашқы азанның алдында-ақхи-налғандарға көз саламын. Анау отырған бір топ немістер. Тегі Европаның ақ нәсілінен жұрт жетерлік. Нигерияданмын деп қолын берді негр. Чадтан екен мына көсеу қара

Меккада да көтерің, білерің жетерлік. Пайғамбардың жұбайы Хадиша анамыздың зираты, Айша анамыздың мешіті, Жын мешіті, Құббатул Әнбия, Шежере мешіттерінің әрқайсысы бір-бір тарих.

Пенде болған соң реніссіз де болмайтын сияқты. Екі-үш автобуспен аралатып, көрсетіп таныстырып жүрген жетекші азаматтың бірі қазақстанда туып-өскен бір ингуш үшін орысша әңгімелеп болмай қойды. «Жүйкемізді тоздырып біткен орысшаны осы жерде қоя туршы. Ең болмаса осы араб жерінде бір тыңайық. Құлағымызды сарсылташы» деген едік, тіпті үдеп түсті. Жұрт үнсіз. Кейбірі «ол ұстаз ғой, оған қарсы келуге болмайды» десті. Бәһаремнің Аманкелдісі «біліс те ұстаз болған. Оны тыңдай беруге де болмаған» деп қатты ренжіді. Ақыры екеуміз басқа автобусқа ауысып кеттік.

Сәуір тауыда Меккадан қашық емес. Мұхаммед с.ғ. ізіне түскен мүшіріктерден қашып Әбубәкір Сыздық екеуі осы таудағы аядай үңгірді паналаған. Жаратушының әмірімен үңгір аузына өрмекші тор құрып, көгершін ұя салған. Қазақтың өрмекшінің торын бұзбауы осыдан қалса керек. Сол үңгірде бір жылан жетпіс тесік тескен екен. Соның бәрін бітеген Әбубәкір Сыздық қалған жалғыз тесікті табанымен басып отырған екен, жылан аяғын шаққан. Демалып жатқан Пайғамбар басын көтеріп «ей, мақұлықат, біздің саған жазығымыз жоқ мұның қай қылығың» десе, жылан «сіздің осында паналарыңызды білуші едім. Нұр жүзіңізді көру үшін жетпіс тесік тестім. Бәрін мына кісі бітеді. Амалсыз шақтым» деген екен.

Қажылық сапарға шығарда Хира тауын көруді мақсат еткен едім. Хира тауында пайғамбар алғаш рет Жәбрейіл періштемен кездескен үңгір бар. Мұхаммед с.ғ. пайғамбарлық қонардан біраз ай бұрын мазасызданып, ойға шомып осы Хира тауына жиікеліп түнеп те қалып жүріпті. Сондай бір күні көгілдір

арабтар ыңғайластырып қойыпты. Үңгірге бару үшін тағы да бір кісі зорға сиятындай жарық тастың арасынан сыналап зорға өттік. Үңгірдің алды иін тірескен халық. Ені бір жарым, биіктігі екі метрге жуық үңгірге бәрінің де бас сұғып шыққысы келеді. Біреулері қаттырақ қозғалса «сабыр, сабыр» дейміз. Қай халық болмасын осы «сабыр» деген түбі араб сөзін түсінеді. Мұнда да қысым қатты. Есік пен төрдей жерге сағаттан артық уақыт өткізіп барып, ұлы пайғамбар үңгіріне бірер минутқа ғана бас сұғып шыға алдық.

Хираның басына шығып айналаға ұзағынан көз салдық. Ғарыштан түсірілген Мекканың суретін көргенбіз. Мекка қаласына жан-жағынан саусақтың саласындай бес-алты биік-биік тау жоталары келеді екен. Бәрінің түйісер жері Қағба. Таулардың түйіскен жері бәрінен биік болуға тиіс. Керісінше Қағба тұрған жер үлкен ойпат. Осыған жақындағанда Қағбаға тізе бүккендей таулар да аласара түседі. Бір Алланың өзі жер бетінің бедерін Қағбаға тағзым еткізіп қойғандай. Осы көріністі Хира тауының басынан тағы көзім шалды.

Хирадан сонау етекке тағы көз салғам. Пайғамбар үңгіріне қарай үш-төрттен келе жатқан адамдар тізбегі үш төрт шақырымға созылып жатыр. Қайтқандар да сонша жерге барып қалған екен.

Иә, әлемнің түкпір-түкпірінен терістігі мен түстігінен, батысы мен шығысынан, жердің арғы да бергі бетінен, қарасы мен ағы, немісімен қытайы, негрі мен орысы, ауғандық пен албандық, франкісі мен керісі, бәрі-бәрі Алланың назары түскен Қағбаға ағылуда. Әлемнің астанасынан баршасы рухани күш алып тазарып, адам ұрпағын пәктікке, мәңгі отанымыз жұмыр жерді құрметтеуге шақыруға бет алғандай.

